

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Таза, мінсіз асыл сөз
Сабақтың тақырыбы: «Қобыланды батыр» жыры

**Сабаққа
негізделген оқу
мақсаты:**

5.С/Б2. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен
салыстырып бағалау.

Сабақ мақсаттары:

Барлық оқушылар орындай алады: Мәтіннің
мазмұнын түсініп, нақты ақпаратты анықтайды.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:
Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстыра
отырып саралайды, өз ойын жинақтайды.

Кейбір оқушылар орындай алады:
Кейіпкерлердің әрекеті арқылы бойындағы
адами қасиеттерін шынайы өмірмен
салыстырады, сыни тұрғыдан бағалайды.

Құндылықтарға




Тарихтың мәдениет пен тілдің біртұтастығы


<p>Жетістік критерийі:</p>	<p>1. Мәтіннің мазмұнын түсінеді, нақты ақпаратты анықтайды.</p>
	<p>2. Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырады, өз идеясын, ойын еркін жеткізеді.</p>
	<p>3.Кейіпкерлердің әрекеттері арқылы бойындағы адами қасиеттерін шынайы өмірмен салыстырады, сыни тұрғыдан бағалайды.</p>
<p>Тілдік мақсаттар:</p>	<p>Оқушылар: -Лексикалық мағыналарды ажырата алады. Пән лексикасы және терминологиясы: -Эпос пен лиро эпостың этимологиясын біледі. Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: -Халық арманы мен келешекке деген үмітін қай образ арқылы сомдаған? Неліктен?</p>
<p>Осыған дейін меңгерілген білім:</p>	<p>Б/С1. Шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау.</p>

Жоспарланатын уақыт және орындалуы тиіс іс-әрекеттер

- 1. Сәлемдесу, психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру.

2. Топтар геометриялық фигуралық арқылы бөлінеді.





Миға шабуыл «Қар кесегі» әдісі

Эпос пен лиро эпостық жырлардың айырмашылығы қандай?

Эпостық жырлардың атқаратын өзекті мәселелерін ата?

Батырлардың бойында қандай қасиеттер болу керек

1. Топтық жұмыс

- 1-топ. Қобыланды батырға, Құртқаға, Қараманға мінездеме беру.
- 2-топ. Кейіпкерлердің портретін ашу.
- 3-топ. Кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы адами қасиеттерін анықтау.

Дескриптер:

1. Жырдағы кейіпкерлердің портретін анықтайды.
2. Кейіпкерлердің іс-әрекетіне 2-мысал жазады.
3. Кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекетін шынайы өмірмен салыстыра отырып, өз пікірін сипаттайды,

Бағалау түрі: Ф.




2. «Журналистикалық» ойын

- Қалай ойлайсың, Қобыланды батырды тәуелсіздік жолында күрескен еліміздің батырларымен салыстыр?
- Жырда әдет-ғұрып, салт-дәстүр өрнегі бар ма
- Қобыланды батыр жырының тәрбиелік мәні не?

Дескриптер:

1. Жырдағы кейіпкерлердің әрекетін шынайы өмірдегі батырлардың әрекетімен сыни тұрғыдан бағалайды.
2. Сол кездегі дәстүрдің жалғасын анықтайды.
3. Жырдың тәрбиелік мәнін өз пікірімен дәлелдейді.

Бағалау түрі: Ф.



Шығармашылық жұмыс Кейіпкермен сырласу хаты

3. Қобыланды, Құртқа,
Қараманға үш топ сырласу
хатын жазады.

1. Құрметті, Қобыланды аға!
2. Сәлеметсіз бе, Құртқа жеңге!
3. Ассалаумағалейкум, Қараман аға!



Дескриптер:

1. Жырдағы кейіпкерлермен сырласа отырып, шынайы өмірмен байланыстырады.
2. Кейіпкерлердің бойындағы әрекетіне баға бере отырып, сыни тұрғыдан өз ойын жинақтайды.



Рефлексия «ҚҚҚ» әдісі

Мен үшін құнды	Мен үшін қызық	Мен үшін қиын